## Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үндестіру жөнінде тиісті шараларды жүзеге асыру дәйектілігін айқындау бойынша іс-шаралар ("жол картасы") жоспары туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 37 өкімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №20 қосымша) 20-тармағының 5-тармақшасына сәйкес ақпарат ұсыну туралы" өкімінің 2-тармағына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үндестіру жөнінде тиісті шараларды жүзеге асыру дәйектілігін айқындау бойынша іс-шаралар ("жол картасы") жоспары бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден осы Өкіммен бекітілген жоспарда көзделген іс-шараларды дер кезінде іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ осындай іс-шаралардың іске асырылу барысы туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны жыл сайын хабардар етіп отыру сұралсын.

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей*
*Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан Федерациясынан*
*В.Габриелян В.Матюшевский А.Мамин Т.Абдыгулов И.Шувалов*

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің
2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 37
өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

## Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үндестіру жөнінде тиісті шараларды жүзеге асыру дәйектілігін айқындау бойынша іс-шаралар ("жол картасы") ЖОСПАРЫ

| Іс-шараның атауы | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|

I кезең. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заң шығарушылық жұмысын реттеудің жүйесі мен практикасына салыстырмалы талдау жүргізу

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ( бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) уәкілетті органдары берген ақпаратты талдау:<br>а) мүше мемлекеттердің заң шығарушылық жұмысы жоспарлары туралы, соның ішінде мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын жетілдіру бағыттарында жоспарланып отырғандары туралы<br>б) мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы реттеу және (немесе) бақылау практикасы туралы | жыл сайын | Еуразиялық экономикалық комиссия ( бұдан әрі - Комиссия) | талдамалы баяндама, мүше мемлекеттер ақпараты |
| 2. Мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамалық және өзге актілерін үндестіру мақсатында талдау, соның ішінде:<br>а) табиғи монополиялар саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен айқындамаларды ( анықтамалық әзірлей отырып)<br>б) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне арналған тарифтерді қалыптастыру мәселелерін (тарифтік саясат)<br>в) мүше мемлекеттердегі табиғи монополиялар субъектілері қызметін реттеудің жалпы қағидаттарын | 2018-2019 жылдар | Комиссия | мүше мемлекеттермен келісілген талдамалы баяндама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| г) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне қол жеткізу қағидалары мен тәртібін<br>д) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсету тізбесін және аталған қызметтер көрсетуді ұсыну ерекшеліктерін<br>е) қызметтер көрсетуді табиғи монополиялар саласына жатқызу критерийлерін талдау | 2018-2019 жылдар | Комиссия | жоспардың 2-тармағында көзделген талдамалы баяндамаға тиісті ақпарат қосу | |
| 3.Осы жоспардың 2-тармағына сәйкес жүргізілген талдау нәтижелерін ескере отырып, мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үндестіру проблемалары мен перспективаларын талдау | 2018-2019 жылдар | Комиссия | жоспардың 2-тармағында көзделген талдамалы баяндамаға тиісті ақпарат қосу | |
| 4. Осы жоспардың 2-тармағына сәйкес жүргізілген талдау нәтижелерін ескере отырып, мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы құқық қолдану практикасын талдау | қажеттілік шамасына қарай | Комиссия,<br>мүше мемлекеттер | талдамалы баяндама, мүше мемлекеттердің ақпараты | |
| 5. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсету нарығының жай-күйін, табиғи монополиялар салаларын қысқартудың орындылығы мен мүмкіндігін талдау | | | | |

II кезең. Келісілген тәсілдемелерді тұжырымдау және Одақ органдарының мүше мемлекеттердің табиғи монополияларды реттеу саласындағы заңнамасын үндестіруге

бағытталған актілерін олар Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитетте қаралғаннан кейін қабылдау

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен келісілген ұсыныстар<br><br>Комиссия ұсынымы<br><br>Комиссия ұсынымы<br><br>Комиссия ұсынымы |
| 6.Осы жоспардың 1-кезеңінде көзделген талдау нәтижелері негізінде қызметтер көрсетуді табиғи монополиялар саласына жатқызу, табиғи монополиялар субъектілері қызметін реттеудің белгіленген қағидаттары мен қағидаларын қолдану және мүше мемлекеттердің табиғи монополияларды реттеу саласындағы заңнамасын үндестіруді бағалау кезінде келісілген тәсілдемелер қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар дайындау | 2020 жылғы 1 қазанға дейін | Комиссия | мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері тізбесінің жобасы, |
| 7.Қызметтер көрсетуді табиғи монополиялар саласына жатқызудың негізгі критерийлері мен шарттары туралы ұсынымдар қабылдау | 2021 жылғы I тоқсан | Комиссия<br><br>Комиссия | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8.Мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үндестіруді бағалаудың сандық және сапалық көрсеткіштерін қабылдау<br><br>9. Табиғи монополиялар саласының ерекшеліктерін ескере отырып, табиғи монополиялар субъектілерінің (мүше мемлекеттердің заңнамасына қосу үшін ұсынылғандарының) қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидаларын қолдануды қамтамасыз ететін ұсыным қабылдау<br><br>10.Мүше мемлекеттердің жақындатуға жатқызылған нормативтік құқықтық актілерінің (нормалары мен ережелерін көрсете отырып) тізбесін қабылдау | 2021 жылғы I тоқсан<br><br>2021 жылғы IV тоқсан<br><br>2021 жылғы IV тоқсан | Комиссия<br><br>Комиссия | Жоғары Еуразиялық | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | экономикалық кеңестің шешімі |

III кезең. Мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үндестіру

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11.Мүше мемлекеттердің осы жоспардың II кезеңінде көзделген Одақ органдары актілерін іске асыруы | мүше мемлекеттер белгілеген мерзімдерге сәйкес | мүше мемлекеттер | мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері |
| 12. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үндестіру туралы шешімін мүше мемлекеттердің орындау мониторингі | Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес белгілеген мерзімдерге сәйкес | Комиссия | талдамалы есп |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК